

**"Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 21 желтоқсан N 2702

Мемлекеттік шығыстарды ретке келтіру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 U931344\_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 35, 405-құжат) мынадай өзгертулер енгізілсін:

3-тармақтың "б" тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- кезекті жылға арналған республика бюджетінде белгіленген мөлшерде және тәртіппен мемлекет мүлкін жекешелендіруден алынатын қаражат ұзақ мерзімді кредит ресурстары ретінде";

аталған Жарлықпен бекітілген Жаңа тұрғын үй саясатының мемлекеттік бағдарламасы және оны жүзеге асыру тетіктері "Мемлекеттік тұрғын үй саясаты" II бөлімінің 8-тарауының 8,2,1-тармағындағы "1995" саны "2000" санымен алмастырылсын.

II. Осы Жарлық 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті